

Жаңа жылдарыңызбен!



Сыр бойы

№194-195
(19677-19678)
30 ЖЕЛТОҚСАН,
ЖЕКСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

ЕЛБАСЫ МЕРЕКЕЛІК КЕШКЕ ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қайырымдылық кешіне қатысушыларға арнаған сөзінде өтіп бара жатқан жыл бүкіл еліміз үшін жемісті болғанын атап өтті.

— Әлемде еліміздің беделі айтарлықтай нығая түсті. Қазақстанға тартылған инвестиция көлемі 17,5 пайызға артты. Жалпы, экономикамыз 4 пайыздан астам өсті. Бұл — бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижесі. Сондықтан, барлығыңызға алғыс айтамын, — деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы алдағы жылы елімізді одан әрі дамытуға септігін тигізетін көптеген шаралар өтетіні жөнінде айтты.

— 2019 жылдан бастап

ең төменгі жалақы 1,5 есе өседі. Бұл 1,3 миллион адамды қамтитын болады. Біліктілігін растаған мұғалімдердің еңбекақысы 30 пайыздан 50 пайызға дейін көбейеді. Құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуды көздейтін жұмыстар атқарылады. Туризмді ілгерілету үшін де шаралар қабылданады, — деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев келер жылы жастардың әлеуетін тигізетін ерекше мән берілетінін айтты.

— Жастарға арналған ар-

найы мемлекеттік бағдарлама төрт міндетті жүзеге асыруға бағытталады. Бұл — білім беру, баспанамен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау және патриоттық тәрбие беру мәселелері. Бүгінгі жұмыстардың бәрі болашағымыз үшін жасалауда. Жастардың басты өмірлік бағдары еліміздің тәуелсіздігі болуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Соңында Елбасы шарға қатысушыларды келе жатқан Жаңа жылмен тағы да құттықтап, барша қазақстандықтарға зор денсаулық, бақ-береке мен табыс тіледі.

Жаңа жылға арналған кешті өткізуден түскен қаражат қайырымдылық мақсатқа жұмсалатын болады.



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі қызылордалықтар!

Жаңа 2019 жыл баршаңызға құтты болсын!

2018 жыл аймағымыз үшін барлық салалар бойынша жетістіктерге толы жыл болды. Біздің облыс әлеуметтік саланың дамуы, өңдеу өнеркәсібі мен аграрлық сектордың қарқыны, тұрғын үй құрылысының көлемі мен шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша үздіктер қатарында.

Сырдарияның сол жақ жағалауында жаңа қаланың бірінші шағын ауданы салынып, барлық елді мекендерде, ұжымдарда жаңа өзгерістер мен жағымды жаңалықтар бар.

Өсіресе өскелең ұрпақтың білімге-ғылымға, жаналықтарға деген талпынысы бізді ерекше қуантады. Екінші жыл қатарынан облыстың мектеп түлектерінің 97 пайызы жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері атанды.

Құрметті жерлестер!

Алаштың анасы — киелі де қасиетті Сыр елінің өркендеуі — әрбіріңіздің туған аймақтың дамуы мен өсуі үшін еткен еңбектеріңіздің нәтижесі.

Тағы да бір жылды абыроймен аяқтағанымыз үшін Сіздерге ырыс-сыр, алғыс-аман тілеймін және аймағымыздың әрі қарай да толағай табыстарға жете беруді тілеймін.

Жаңа жылда барлық ізгі арман-тілектеріңіз орындалсын! Сіздерге табыс, денсаулық, бақыт, береке-бірлік тілеймін!

Елбасының бастауымен Тәуелсіз Қазақстанымыз көркейіп, ашық аспанымызда бейбітшілік туы желбіресін!

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен,
Қызылорда облысының әкімі
Қ.КӨШЕРБАЕВ.

СЫР СПОРТЫ СЕНІМ БИІГІНДЕ

Жаңа жыл қарсаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бір топ спортшылармен, халықаралық жарыс жеңімпаздарымен кездесіп, оларға пәтер кілтін мен ақшалай сертификаттар табыстады.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Кездесуге III жасөспірімдер олимпиадасының жеңімпазы Диас Бахрадин, параджудо бойынша Әлем чемпионы Олжас Оразалыұлы, сондай-ақ дзюдодан Пара Азияданың күміс жүлдегері Азамат Тұрымбетов, грек-рим күресінен Әлем чемпионатының қола жүлдегері Айдос Сұлтанғали және байдарка мен каноэ есуден Азия ойындарының қола жүлдегері Мерей Медетов және отырып ойнау волейболынан Пара Азия ойындарының қола жүлдегерлері Эрик Қасқабаев, Шыңғыс Медеуов және Алматы Манабаев қатысты.

— Биыл облыс спортшылары әлемдік аренада көптеген жоғары табыстарға қол жеткізіп, тәуелсіз еліміздің мәртебесін асқақтатты. Облыста бұқаралық спорт, жоғары спорт шеберлігі, ұлттық спортпен қатар мүмкіндігі шектеулілер арасында да спорт қарқынды дамып келеді. Португалияның Одивелаш қаласында параджудодан өткен Әлем чемпионатында ел құрамасына жалғыз алтын медальді қызылордалық Олжас Оразалыұлы алып берді. Бұл жеңіс Қазақстан Паралимпия спорт тарихындағы алғашқы медаль. Сіздердің жеткен жетістіктеріңіз өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін күшейтіп, мыңдаған жастың спортқа, салауатты өмір салтына ынтасын арттырады сөзсіз. Сіздер біздің елдің халықаралық спорттағы мәртебесінің жоғары екендігін дәлелдеп, жаттықтырушылар мен жанкүйерлер ғана емес, барша қазақстандықтардың үмітін ақтадыңыздар, — деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде, Диас Бахрадин, Айдос Сұлтанғали және Эрик Қасқабаев облыс әкіміне қолау көрсеткені үшін алғыс айтты.

— Біз келесі жылы бұдан да үлкен нәтижелерді көрсетеміз деп сендіре аламыз. Облыс пен қазақ елінің атын әлемдік додаларда биікке көтеру біздің басты мақсат, — деді грек-рим күресінен әлем бойынша жүлдегер Айдос Сұлтанғали.

Үздік спортшылар — Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында өткен III жасөспірімдер олимпиадасының жеңімпазы Диас Бахрадин мен параджудо бойынша алғашқы Әлем чемпионы Олжас Оразалыұлы жаңа пәтердің кілтін алды. Сонымен бірге спорттағы жетістіктері үшін Айдос Сұлтанғали 3 млн теңге, Мерей Медетов пен Азамат Тұрымбетов 1 млн теңге, ал Эрик Қасқабаев, Шыңғыс Медеуов және Алматы Манабаев 500 мың теңге ақшалай сертификатқа ие болды.

Айта кету керек, өткен демалыс күндері Алматы қаласында Қазақ спорт және туризм академиясы мен «Спорт жұлдыздары» республикалық журналы ұйымдастырған марапаттау рәсімінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Үздік спортқа жанышыр облыс әкімі» номинациясы бойынша марапатталған болатын. Сонымен бірге облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, № 2 спорт мектебі және облыстық спорт басқармасының баспасөз хатшысы Лаура Шонғалова жыл қорытындысы бойынша үздік деп танылды.



ЖАҢА ЖЫЛДА – ЖАҢА БАСПАНА

Жұма күні облыс орталығында Қараша көшесіндегі 60 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл тоғысындағы салтанатта облыс әкімі Қырымбек Көшербаев тұрғындарға пәтер кілтін табыстап, өз лебізін білдірді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

— Жаңа жылда жаңа қонысқа ие болу үлкен бақыт. Өткен жылға өкпе жоқ, барлық макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өзіміздің алға қойған межеге қол жеткіздік. Жуырда Елбасы кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы бас тамамызды оң бағалап, үздіктерге берілетін “Алтын сапа” сыйлығын табыс етті. Мұның барлығы халқымыздың ауызбіршілігі мен ынтымағының арқасы.

Соның 5 жылда аймақта құрылыс қарқынды жүруде. Қазір Қызылорда қаласының өзінде 25 млрд теңгеге тұрғын үй құрылысы салынууда. Яғни 2050 пәтерлі 46 көпқабатты үй бой түзеуде. Ақпан айында дарияның сол жағалауындағы 14 үйдің кілтін табыстайтын боламыз. Сондай-ақ, алдағы жылы 3 шағын ауданның жұмысы басталмақ. Бұл Елбасының жүргізген сарабал саясатының жемісі. Сондықтан жерлестер, қоныс-

тарыңыз құтты болсын. Іші нәрестенің күлкісіне, тек жақсылыққа толы болсын, — деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Батыр ана Бибиайым Әлібекова барлық қуаныш иелерінің атынан облыс басшысына алғысын білдірсе, құрылыс саласының ардагері Өмірзақ Көнербаев барша қоныс иелеріне бата-сын берді.

— Бүгінгі күн біздер үшін, менің отбасым үшін үлкен қуанышты күн. Жаңа жылда жаңа баспанаға ие болдық. Мұның бәрі — Тәуелсіздіктің жемісі. Сол себепті Елбасына, ел ағаларына шексіз ризашылығымды білдіремін. Халықты осындай қуанышқа кенелте берсін, — деді Батыр ана.

Айта кету керек, көпқабатты тұрғын үй құрылысын “Дәнекер” ЖШС жүргізген. Құны 669 млн 239 мың теңгеге құрайтын үйдің бас жобалаушысы “Проект-Сервис” ЖШС.

Ақпараттар тасқыны судай тасыған, технология дамыған кезеңде оқырманға дәл, нақты, сенімді ақпарат беру жоғары кәсіби талап етеді. Бұған жылдамдықты қосыңыз. Бәсекелестікке сай болу — бүгінгі журналистика алдындағы басты талап.

«QYZYLORDA» — КӨШ БАСЫНДА

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.



Уақыт көшінен қалмау, әсіресе, телевизия саласы үшін үлкен шеберлікті қажет етеді. Бұл бағытта «Qyzylorda» телеарнасы ұжымының әрдайым ізденісте екендігін жаңа технологияны телевизия саласына алғаш болып енгізудегі батыл қадамынан байқауға болады.

Шығармашыл ұжым билығы жылды да үлкен жетістікпен қорытындылапты. Республика бойынша 14 облыстық филиал арасында телеарна жұмысына қойылар бірнеше талаптар нәтижесімен екінші орынға табан тіресе, шығармашылық бойынша көш бастады. Бұл телеарнаның ғана емес, Сыр журналистикасының жеңісі десек те артық болмас.



қорғаныс бөгеті жырылып, су өзеннің ескі арнасына түскені белгілі. Бұл мәселе бойынша аудан әкімдігі нақты шаралар қабылдап, ескі арнаға жақын орналасқан елді мекендерді су басудан қорғау мақсатында уақытша қорғаныс бөгеттері салынған. Сала мамандарының айтуынша, бүгінде ол мандағы ағылдарға еш қауіп жоқ.



Жыл жетістігі бизнес жолында жүрген және кәсіп бастауға ниетті азаматтарды жігерлендіргені рас. Мемлекет басшысы берген жоғары баға ел қамын ойлаған осындай жандардың, салаға жауапты мамандардың уақытпен санаспай атқарған өлшеусіз еңбегімен мандай терінің жемісі екені даусыз.



Келген жылға сенім көп,

Әр жылдың өз ерекшелігі бар. Бұл орайда 2018 жыл Қызылорда облысының экономикалық дамуында серпіліс туғызған кезең болғанын айрықша атап өткіміз келеді. Өнеркәсіп өнімдерін өндіру мұнайға байланысты біршама кемігенімен, аймақта республика көлемінде макроэкономикалық көрсеткіштердің басқа салалары бойынша мақтан тұтатындай деңгейге қол жеткізілді.

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ЖЕМІСТІ ЖЫЛ БОЛДЫ

Облыста Елбасының төл жобасы – индустрияландыру картасының бірінші және екінші бесжылдығы аясында жүзеге асырылған 22 жобаның бүгінгі күні 17-сі өнім шығаруды қамтамасыз етуде. Бағдарлама аясында өңірде 2018 жылы 8к шығару зауыты іске қосылды.

Облыста индустрияландыру аясында химиялық және тау-кен металлургиялық кластерлерді құруды көздейтін жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғасын табауда. Бұл орайда «Шалқия» қорғасын мырыш кенішінде кен байыту комбинатының іргетасы

қаланды. «Баласауыс-қандық» кенішінде ванадий кен өндірісін игеру, Арал қаласында кальцийлендірілген сода шығаратын зауыт жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғасын табауда.

Өрине, осыншама жобаларды жүзеге асыру бір немесе бірнеше жылдың еншісіндегі шаруа емес. Бұл үлкен ізденіспен, біліктілікпен, біліммен, қыруар күш-жігермен келеді. Міне, бірнеше жыл болды, облыста халықаралық инвест және интернет-форумдар тұрақты өткізіліп келеді. Оған шетелдік елшілерден бастап, көптеген елдердің бизнес өкілдері қатысуда.

Олармен соңғы форум аясында 14 меморандумға және 1 келісімге қол қойылды. Әсіресе, экономиканы әртараптандыруда облыстың аграрлық саласы басым үлеске ие бола бастағанын айрықша атап өткіміз келеді. Соңғы төрт жыл ішінде облыстың жалпы өңірлік құрылымында ауыл шаруашылығының үлесі 2,5 проценттен 3,7 процентке өсті. Бұл индустрияландыру өрісі бойынша Сыр өңірінде өнеркәсіп салаларымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісінің де келешегі зор екенін айғактаса керек-ті.

Ж.ӘЛМАХАН.



Тсі оңға, іргесі солға созылған Қызылорда

Есідің екі бетіне жауһар шапқан Астанаға қарап бой түзеген Қызылорданың бүгінгі бейнесі Сырдарияның сол жағалауында күн санап айшықталып келеді.

Дүйсеңбек АЯШҰЛЫ.

1500 гектар аумақты алатын жана қалада – әкімшілік үйі, мәдени-спорттық кешендер, сауда орындары, мегаорталық, балабақша, мектеп, емхана ғимараттары және 3 млн шаршы метрді құрайтын тұрғын үй аудандары бой көтермек. Қазірдің өзінде 18 көпқабатты тұрғын үй құрылысы аяқталуға жақын. Жоба толық игерілгенде бұл аймақта 155 мың тұрғын қоныстанатын болады.

Ал, Қызылорданың астана болып тұрған кезінде жұмыс істеген Қазақ Орталық Атқару комитетінің тарихи ғимараты үлгісімен салынған этнографиялық музей үйі пайдалануға берілді. Мұнда музеймен бірге Рухани жаңғыру орталығы орналасқан.

Сол жағалаудағы сәнді орынның бірі – «Болашақ» университетінің бас ғимараты да көкке бой со-

зып тұр. Жаңа сипаттағы студенттер қалашығы аумағының көлемі 10,8 гектарды құрайды. Мұнда бас ғимараттан бөлек оқу кешендері, Студенттер сарайы, профессор-оқытушылардың тұрғын үйі, балабақша, ойын-сауық орталығы, Конгресс орталығы, ХҚО, стадион, дендробак салынып жатыр.

Студент қалашығының өзге жұмысы онан әрі жалғаса беретін болады. Мінекей, осылайша 2018 жылдың ең басты жаңалығы, көз алдымызда қанат жайған Қызылорда халқы жақын арада дарияның арғы-бергі бетін айдау жол қыламыз.

«Қоныс құтты болсын» дейтін кезіміз де алыс емес.

ЖАСТАР ЖЫЛЫНДА ӨНЕР ӨРІСІ КЕҢІ ТҮСЕДІ

Елбасы Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялап, жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігі жайлы айтқан болатын.

Жастарға көңіл аудару, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау – қоғамның қажетті де маңызды міндеттерінің бірі. Осы орайда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы өнерпаз жастарды іріктеп, оларды халықаралық, республикалық байқау-конкурстарға дайындап, қатысуын қамтамасыз етуде.

Мұндай шаралар жастарды заңдастырып патриотизм рухында тәрбиелеп, өн-бойларына елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіретіні сөзсіз.

Жастардың тіл тазалығын, сөйлеу

мәдениетін дамыту мақсатында өткізілген «Маржан сөз, қоян үн» атты концерт жүргізушілерінің облыстық байқауы, «Ғашықпын мен...» атты жарасымды жұптарға арналған облыстық өнер сайысы, брейк-данс, хип-хоп, рэп орындаушыларының облыстық «Таланттар топ жарған күн» атты өнер байқаулары осы бағыттағы атқарылған жұмыстар. Сонымен бірге Қызылорда қаласының 200 жылдығы мерейтойына арналған «Жігіттің төресі» атты облыстық жігіттер байқауы және облыс әкімінің қолдауымен «QYZYLORDA OPEN-2018» халық-

аралық балдық би турнирі жоғары деңгейде алғаш рет өткізілді. Бұл халықаралық шараға өз еліміздің өнерпаздарымен қатар Грузия, Белоруссия, Украина, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген би өнерінің белгілі өкілдері қатысты.

Сондай-ақ, театр тарланы Мейрман Нұрекеевтің шығармашылығына арналған «Мінекей, Мейрманның ізбасарлары» атты әзіл-сықақ отауларының республикалық байқауы да дәстүрлі түрде жылма-жыл өткізіліп отыр. Өткізілген шаралардың жалғасы жастар жылының мазмұнын байыта түсетіндігі анық.

Алтын БЕКЕНОВА,
облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының қызметкері.



Күнделікті қарбаласпен жүріп, кейде қаламыздың қалай өзгеріп жатқанын байқамаймыз. Ал бірақ туған қаласында соңғы 4-5 жылдай болмаған қызылордалықтар азғана уақыттағы оң өзгерістерді айттып, тандай қағып жатады. Сондай-ақ қала қонақтарын Сыр елінің бас шаһарының көркі тамсандырмай қоймайды.



Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Соңғы уақытта Қызылорданың архитектуралық келбеті жаңарып, тарихи орындар қайта жаңғырды. Демалыс алаңдары, сансыз ғажайып гүлдер аллеясы, «Сарқырама» арнасы, тынығу жағажайлары, сәулетті

үйлер, түрлі-түсті жарық шамдары мен көше бойында тізілген тал ағаштары қаланың көркін асқартатын ақ тұр. Көрікті жерлердің тағы бірі – «Жібек жолы» даңғылының бойы. Онда ою-өрнектермен безендірілген қазақтың кара домбырасы, қошқар мүйіз мүсіндерін кездестіресіз. Қасиетті кара шаңырақтың бейнесі

де жол жиегінде орналасқан. Мұның бәрі – қазақы құндылықтарымыздың айқын көрінісі. Биыл қос ғасырлық тойын атап өткен шаһарда көпқабатты тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, ойын-сауық және бизнес орталықтардың қатары артып келеді. Айтпақшы, «Жібек жолы» дегеннен шығады, соңғы екі жылдай



уақыт ішінде осы даңғыл бойындағы үлкен нысанның құрылысы талай қызылордалықтың назарын өзіне аударғаны белгілі. Оларды әркез «бұл не ғимарат болды екен?» деген сансыз сауал да мазалаған болар. Міне, биыл бұл нысанның құрылысы аяқталып, «ARAY CITY MALL» деп аталатын ірі сауда ойын-сауық

орталығы ашылды. Еңселі ғимарат бірден осы аумаққа жаңаша рең қосып, өзгертіп, шырайландырып жіберді. Шынын айтқанда, оның пайдалануға берілуі әрбір қызылордалыққа өзінің туған қаласы үшін мақтаныш сезімін ұялатты десек қателесе қоймаспыз.

жеткен жылға көңіл тоқ!

Жыл табысы 1500 медаль

Биыл облыстағы қай сала да серпінді тірлікке толы болды. Әсіресе, 2018 Сыр спорты үшін толайым табыс жылы болды деп сеніммен айта аламыз. Облыс намысын қорғап жүрген «Қайсар» футбол клубы ел чемпионатында үздік бестікке енсе, Ақтау қаласында бокстан ерлер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев алтын жүлдені жеңіп алды. Бұдан бөлек ел назарына ілігіп, әлемдік аренадағы жоғары жетістік саналатын басты жаңалықтар да көп болды.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Облыста бұқаралық спорт, жоғары спорт шеберлігі, ұлттық спортпен қатар мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында да спорт қарқынды дамып келеді. Португалияның Одивелаш қаласында парадзюдодан өткен Әлем чемпионатында ел құрамасына жалғыз алтын медальді қызылордалық Олжас Оразалыұлы алып берді. Бұл жеңіс Қазақстан паралимпия спорты тарихындағы алғашқы медаль болатын. Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында өткен III жасөспірімдер олимпиадасында топ жарған Диас Бахрадин



мен байдарка және каноэде есуден жазғы Азия ойындарының қола жүлдегері Мерей Медетов те биыл «Жылдың үздік спортшысы» атанды. Сайыста сергек боп, спортшыларды бабында ұстайтын бапкерлер де «Жылдың үздік жаттықтырушысы» деген атқа ие болды. Байдарка және каноэде есуден облыстың аға жаттықтырушысы Мұхитдин Миербеков, әмбебап жеке-жектен облыстың аға жаттықтырушысы Нұрбек Жармаханов, облыстық паралимпиялық комитетінің парадзюдо бөлімшесінің жаттықтырушысы Руслан Беркімбаи осы марапатқа лайықтылардың қатарында.

Биыл облыста дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 28,3 пайызға көтеріліп, 225 мыңға жуық адамға жеткен. Биыл 7 елді мекенде спорт кешендерінің құрылысы аяқталып, халық игілігіне пайдалануға берілді. Спорт мектептері желісін ұлғайту және шұғылданушылар са-

нын арттыру барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 9 жоба іске қосылды. Сондай-ақ орталық стадионның жеңіл атлетикалық манежге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қала мен аудандардағы спорт

мектептеріне 8 автокөлік табысталып, спорттық құрал-жабдықпен қамтылған.

Өтіп бара жатқан жылда аймақ спортшылары Қазақстан, Азия, Әлем чемпионаттарына қатысып, 1500 медаль иеленді. 2017 жылымен салыстырғанда медаль санын 700-ге арттырған аймақ атлеттері нәтижелі жұмыстың айқын қорытындысын көрсетіп отыр. Сонымен бірге спорттың әр түрінен біздің 470 жерлесіміз Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасының сапына енді. Сонымен бірге 21 спортшыға спорттық атак беру туралы куәлігі табысталды.

Жалпы алғанда, аймақтың спорт саласында олимпиадалық резервті дайындау орталығы, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжі, жоғары спорт шеберлігі мектебі және 21 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Онда 35 спорт түрімен 18 мыңнан астам болашақ чемпиондар дайындық үстінде.

Бүгінде тұрмыстық қажеттілік жылдам әрі адам күшінсіз өтетін уақыт келді. Әлемді алақанға сыйдырған технология кең өріс алды, IT саласының дамуы қарқынды. Сыр өңірінде бұл бағыттағы жұмыс жүйелі, атқарылған шаруа шаш етекпен деп мақтанышпен айта аламыз. Ендеше, жеткен жетістік пен бағындырған биіктің бірсыпырасын жіпке тізсек.

Молдір ҚАЛЫМБЕТ.

Жетістік те, жоспар да көп

Қолда бар ақпаратқа сүйенсек, жыл көлемінде түрлі саланы цифрландыру бағытында 37 жоба қолға алыныпты. Сандық технологияларды нарықтық стандарттарға сәйкес дамыту мақсатында облыста арнайы мемлекеттік орган – цифрлық технологиялар басқармасы да құрылды. Бұл ретте аймақ басшылығы шетелдік тәжірибені ескерусіз қалдырған жоқ. Облыс делегациясы Тарстаран Республикасы, Қазан қаласына, Қытай Халық Республикасына жұмыс сапармен барып, ортақ мәміле жасасты. Себебі, қазіргі кезеңде ақпараттық технологияның пайдасы жетерлік. Бұл – ақша айналымы, бұл – бизнес деген тәртізді әрі қарай жалғасып кете береді. Әлемнің әр қиырындағы адамдар осы технологияның арқасында бір-бірін көрместен байланысып, жұмыс жүргізуде. Біздің балалар да заман шақыруларына дайын, олардың IT-дың, робототехниканың білгірі атанатын күні алыс емес. Өйткені, Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында XXI ғасырдағы қазақ баласының санасын жаңғыртумен қатар білім деңгейін жетілдіру қажеттігін алға тартты. Білімін жетілдіру дегенде заман сұранысына сай мамандықтарды оқытуды баса айтты. Осыған орай облыста коммуникациялық технологиялар саласындағы стартап жобаларды қолдау мен дамытуға жол ашқан IT парк қолданысқа берілді. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада орналасқан алаңның техникалық-лабораториялық шеберханаларында түрлі робототехникалық прототиптердің өндірістік жобасын әзірлеуге, лабораториялық симулятор, контроллер мен видеопанельдерде 2D, 3D гра-



фикалық жобалардан VR\AR технологиялар бойынша бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. IT жобалардың дамуы мен технологиялық тиімділігін арттыру бойынша коворкинг орталығы қызметін, IT академиялық оқу орталығының базасында түрлі бағдарламалық оқу курстарын іске қосуға және ақпараттық-бағдарламалық өнімдер жасап шығаруға болады. Ақпараттық технологияларды дамыту жөніндегі облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Индира Ақжігітованың айтуынша, мұнда келушінің идеясы мен IT жобаны қорғайтын потенциалы болса, оны әрі қарай дамытуға күш салынады. Сондай-ақ, біліктілікті арттырып, қазақстандық, шетелдік мамандардың шеберлік сыныптарына қатысуға болады. Айта кету керек, «Цифрлық

Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында да қолға алынған дүние аз емес. Аталған бағдарлама шеңберінде жетекші «Нұр Отан» партиясы жана жобаны іске асырды. Әр аймақтың мектептерінде жаппай IT сыныптары ашыла бастады. Бұл жаңашылдық біздің өңірді де айналып өтпеді. Бүгінде облыстағы оқу ошақтары сандық технологияға ерекше ден қойып отыр. Электронды кітап, интерактивті карта мен такта, автоматтандырылған күнделік жүйесі секілді ресурстар білім сапасын арттыру тұрғысында тиімді пайдаланылуда. Тіпті, қазір қаладағы №3-ші мектеп-лицей өңірдегі алғашқы инновациялық білім ұясына айналған. Мұнда STEM жүйесі бойынша IT және робототехника сыныбы қолданысқа берілді. Мектеп басшылығы облыстық білім басқармасымен бірлесе

отырып, «IT жол картасы» дайындалып, 3D кабинеттер, цифрлық зертханалар, компьютерлер және тағы да басқа жабдықтар алу арнайы жоспарға енгенін айтады.

Оқушылар жаңадан ашылған сыныптарда ізденуге құштар, олар тек жаңа технологиялармен танысып қоймай, роботты бағдарламалау, инновациялық технологияларды одан әрі игеруге икемделіп келеді. Қазір оларға «Python Programming», «3D модельдеу және анимациялау», «Web программалау және сайт құру негіздері», «Си++ программалау тілі» бойынша арнайы курстар өткізіледі. Нәтиже бар. Оқушылар түрлі сайыстардан жүлделі оралып жүр. Атап айттар болсақ, «RoboFest-2018» облыстық фестивалінің келерінгі-квардо категориясы бойынша Құрманғазы Әбдуәлі мен Нұрбол Сансызбай секілді мектеп оқушылары III орынды иеленді. Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ата-ана, мен және робот» отбасылық-танымдық чемпионатта Қуаныш Нұрлан II орынды қанжығасына байлады. Республикалық пәндік олимпиадада Хамза Қабылбек те үздіктер қатарынан табылып, II орынға табан тіреді. Халықаралық жобалардан да оқушылар құралақан қайтқан емес, – дейді мектеп-лицей директоры Меруерт Обдіхалыкова.

Оқу орнындағы жаңа аудиториялармен танысу барысында өркеніет талабына сай болуы үшін бар жағдай жасалғанына көз жеткіздік. Ол болашақтың балаларын жан-жақты дамытатын сөзсіз. Бір жағынан, бұл – білім саласына инновациялық технологияларды енгізуге күш салып отырған білім беру мекемесінің жетістігі. Себебі, мектеп басшылығы облыс мектептері арасында өткізілген «Үздік білім беру ұйымы» байқауынан жеңіп алған 17 миллион теңге көлеміндегі грант қаражатын ақпараттық технологияны оқытуға арналған құралдарға жұмсаған. Жас буын келешектің кәсібін меңгерсе, көп ұзамай IT нарықта топ жарса деген ниетте.



Өйткені, кім өзінің туып-өскен шаһарының көркейгенін, ұлғайғанын қаламайды дейсіз. Ал кез келген қаланың келбеті жақсаруына тікелей әсер ететін ол жаңа құрылыс алаңдары.



Сөз жоқ, Қызылорда қаласы жыл өткен сайын көптеген жаңа құрылыс нысандарының пайдалануға берілуі нәтижесінде жақсарып, жаңарып келеді. Тек биылдың өзінде жоғарыда атап өткен сауда орталығынан бөлек, «SMALL» сауда желісінің кезекті орталығы, үш қабатты «ЭВРИКА» сауда үйі, Астана даңғылының бойында орналасқан сүт өнімдері бағытындағы «BALQAIMAQ» дүкені ашылды.

Сондай-ақ «Жанар-ай» оқу орталығы мен қонақ үй кешені пайдалануға берілді. Осылайша қызылордалық кәсіпкерлер ашқан жаңа нысандар қала келбетін көркейтуге үлестерін қосуда. Ал Тасбөгетте 140 орындық жаңа балабақша пайдалануға берілді. Бұл нысандарда жаңа жұмыс



орындарының ашылуы ол бөлек тақырып. Ең маңыздысы, жыл басынан бері қала кәсіпкерлерінің қаражаты есебінен жалпы құны 7 млрд 436 млн теңгені құрайтын үлкенді-кішілі 67 кәсіпкерлік нысан іске қосылып, онда жаңадан 1219 жаңа жұмыс орны ашылды.

Жалпы облыста жүргізіліп жат-

қан құрылыстардың басым бөлігі Қызылорда қаласына тиесілі. Сөзіміз дәлелді болу үшін цифрларға жүгінейік. 2018 жылы облыс орталығында атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі 24 млрд 923 млн теңгеге жетті. Бұл аймақтағы құрылыс жұмыстарының 36,7 процентін



құрайды. Сыр елі бас шаһарының ажарын ашуға тек жаңа нысандар мен ғимараттардың пайда болуы ғана үлес қоспаса керек. Осы ретте инфрақұрылымдық желілердің жаңалануы да аса маңызға ие. Онсыз қаланың тыныс-тіршілігі маңдайығын белгілі. Бұл ретте тағы да цифрларды сөйлетуге тура келеді.

Қаланың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және жайластыру мақсатында «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде республикалық, облыстық және қалалық бюджеттерден барлығы 2 млрд 785,8 млн теңге бөлінді. Ал «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы 13 жоба бой-



ынша республикалық бюджеттен бөлінген 1 млрд 584 млн теңгеге 10 шақырым ауыз су және 7 шақырым көгіз су құбырлары қайта жаңғыртудан өтті. «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен Қызылорда қаласы «Мерей» және «Ақмешіт» шағын аудандарындағы

көріз желісін қайта жаңғыртуға 542,3 млн теңге, қоса қаржыландыруға облыстық бюджеттен 44,4 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстары жүргізілді. Жол жаңыру жұмыстары бойынша жалпы ұзындығы 98,6 шақырымды құрайтын 114 көшеге республикалық, облыстық және қалалық бюджеттен



барлығы 2 млрд теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды. Жөндеуден өткен көшелер қала сәнін арттыра түсуде.

Ең бір қуанарлық дүние, ол соңғы жылдарда жанданған тұрғын үй құрылысы биылда қарқынынан жаңылған жоқ. Бүгінде қаламызда 152,6 мың шаршы метр болатын

2 мың 52 пәтерлік 46 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Оның ішінде жеке инвесторлардың өз қаржысы есебінен 1272 пәтерлік 31 көпқабатты тұрғын үй, мемлекеттік бағдарламалар арқылы 780 пәтерлік 15 көпқабатты тұрғын үй бар. Қазіргі таңда жеке инвесторлардың



өз қаржысы есебінен 754 пәтерлік 20 көпқабатты тұрғын үй құрылысы аяқталды. Баспаналы болған қаншама адам қуанышқа кенелді десенізіші!

Бір сөзбен айтқанда, құн санап құлпырған, көз алдында көркейіп, сәні мен салтанаты жарасқан, 200 жылдық тарихы бар шаһардың келбеті тынысынды аша түседі.

Біз де Жәкенді жақыннан білуге ниет жасап көрдік.

Шиелі ауданы.

Қазақ әдебиеті мен театрының тарихында драматургия жанрының профессионалдық тұрғыдан қалыптасып өсуіне, толысып кемелденуіне, әлемдік сахна кеңістігінен орын тауып-өрістеуіне өлшеусіз зор үлес қосқан атақты драматург-жазушы, аудармашы, сыншы, қоғам қайраткері Қалтай Мұхамеджановтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр.

Қ.Мұхамеджанов өзінің сөзімен айтқанда сол бір «берекесіз» 1928 жылы дүниеге келіп, балалық шақтың алаңсыз бал дәуренін сезіне алмаған. Себебі, әкесі «халық жауы» атанып сотталған, кейін атылып кеткен. Артынша соғыс басталып оқу да жайына қалған. Қой бағып жүріп ауылдағы кішкене кітапхананың бар кітабын оқып тауысқан.

Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтта, Ташкент қаласындағы өнер институтында оқып жүргенінде сол бір «халық жауының» баласы деген ат қыр соңынан қалмай қудалауға ұшырай береді. Ақырында Мәскеудегі А.В.Луначарский атындағы ГИТИС-тен бір-ақ шығады. Атақты профессор Павел Санович Марков болашағынан көп үміт күттіретін студентті өзіне шақырады.

Жазушының осыдан алпыс жыл бұрын жазылған «Бөлтірік бөрік астында» атты алғашқы пьесасы көп сынға ұшырап барып өзінің лайықты бағасын алды. Күні бүгінге дейін еліміздің сахналарында қойылып келе жатыр. Жалпы драматургтың барлық пьесаларындағы мәселелер осы заманда да өзектілігін жоғалтпаған. Жастардың тұрақсыздығы, ана тілімізді шұбарлап сөйлеу барлығы бөз баяғыдай. Күні кеше ғана жазылған сияқты.

Қ.Мұхамеджанов замандастарының айтуы бойынша керемет кітапқұмар адам болған. Жиналған кітаптардан кімнің кітабы қай қатарда, қандай сөреде тұрғандығын жатқа білген. Бірнеше мың кітап: арабша, парсыша, орысша, қазақшаның араб, латын әрпіндегі кітаптар оның өмір бойғы жинаған байлығы деп айтуға болады. Өзі де: «Үйімді

де осы кітаптарым үшін кеңейттім, әйтпесе, бәйбішеміз екеумізге бәрібір емес пе?» деп күледі екен. Қалтай ағаның кітапханасы баяғыда Отырарда жоғалып кеткен, Мысырдағы кезінде отқа оранған Александрия кітапханаларын еске түсіреді.

Міне, сол мол мұра 2015 жылы Сыр

сонымен бірге шығыс шайырларының жырларын толық оқып, зерттеген адам. Қалтай кітапханасында Омар Хаям, Хафиз Хорезми, Әлшіер Науаи, Низами, Әзиз Несин, Садриддиннің және т.б шығармалары араб, парсы, түрік, өзбек және т.б тілдерде жинақталған.

Сонымен қатар кітапханада 1896

ҚАЛТАЙ ҚАЗЫНАСЫ



бойы оқырмандарына сыйға тартылып, жарты миллионға жуық бай қоры бар Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханадан Қалтай Мұхамеджановтың кітапханасы ашылды.

Қазіргі таңда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қоры 8 мың данаға жуық кітаппен толықты. Осы рухани азықтың шашауын шығармай, жоғалтпай бізге жеткізген Қалтай ағаның жары Ғарид Бекжанқызы мен ұрпақтары Жәмилә мен Алтай Мұхамеджановтар.

Кітапхана қорына толығырақ тоқталып өтсек, Қ.Мұхамеджанов тек ислам әлемі мен дінінің білгірі ғана емес,

жылы Санкт-Петербург қаласындағы Ф.Павленков баспасында басылып шыққан «Антропология», 1907 жылы Д.В.Аверковтың «О драме» сыни мақалалары, 1914 жылы Орынбор қаласында араб танбасымен берілген Ахмет Байтұрсынның «Қазақ әліппесі», 1935 жылы М.Әуезовтің латын қарпімен басылған «Тас түлек» пьесалары мен әңгімелер жинағы және т.б барлығы 86 баға жетпес ескі құнды кітап бар.

Кітапхана қоры қазақ, орыс, шетел классиктерінің таңдаулы көркем әдебиеттерін де қызықтырады. Сонымен бірге Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Нұрпейісов, Г.Бельгер, К.Жұмаділов,

М.Мағауин, С.Жүнісов, О.Бөкеев, А.Сүлейменов, Қ.Қайсенов, Ә.Тәжібаев және т.б көптеген қазақ әдебиетінің өшпес жұлдыздарының кітаптарындағы ізгі ниетпен, әзілмен жазған қолтаңбалары сақталған.

Қазақ өнері мен әдебиетінің тарихында аттары алтын әріппен жазылып қалатын осы ұлы тұлғалардың қолтаңбалары Қалтай кітапханасы арқылы болашаққа ескерткіш болып қалды.

Кітапхана сөздіктер мен энциклопедиялардың жан-жақты бай қорымен де жасакталған. Қаламгердің ғылыми зерттеулерді қажет ететін көптеген қолжазбалары сөреде тұр.

Сондай-ақ, жазушының көп жылдар бойы пайдаланған жеке заттары: жазу үстелі, орындығы, құралдары, ескерткіш жазулары бар қадесыйлары, портреті сақтаулы. Жазушының айтулы мерейтойларында жер-жерден келген ақ тілекке толы құттықтау хаттар да осы жерден орын алған. Жазушы отбасының өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар, белгілі қайраткерлермен, оқырмандармен түскен фотосуреттерімен де танысуға болады. Құнды дүниелердің бірі – Елбасының жазушыға арнайы сыйға тартқан шапаны.

Кітапханада жазушы Қ.Мұхамеджановтың 90 жылдығына арналған мәдени шаралар өткізілді.

Белгілі жазушы, көрнекті қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков Қалтай аға туралы: «Қалтай ағамыз келе жатқанда қара жердің кітапхана-кемесі көшіп келе жатқандай көрінуші еді. Бір өзі бір академияның ғылымын, бір өзі бір университеттің тағылымын, бір өзі адамгершіліктің бар қасиетін өзімен қоса аркалап жүргендей сезілетін» деген екен.

Қалтай Мұхамеджановтың болашақ ұрпаққа қалдырған шығармалары мен бай кітапханасындағы білім мұрасын жазушының көзіндей көріп, аманаттыңдай сақтап, оқырмандарға насихаттау енді біздің еншімізде. Сыр өңірі Қалекен басқан ізін, жүрген жерін, әзіл-қалжыңын әлі талай жыр етері сөзсіз. Бүгінгі зерделі өсер ұрпақ тұранда Қалтай аға ғасыр шыңына қарай биіктей берері анық.

Айгүл САИМБЕТОВА, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері.

«ТОМИРИС» ӘБУ-ДАБИДЕ ӨНЕР КӨРСЕТТІ



Сыр елінен шыққан талай өнерпаздар еліміздің атын әлемге әйгілеп келеді. Осы ретте бірнеше өнер ұжымын біріктіріп отырған облыстық филармонияның «Томирис» би ансамблі де талай белестерді бағындырды.


Сара АДАЙБАЕВА.

Соңғы жылдары би ұжымы гастрольдік сапарларының шекарасын кеңейтті. Олар түрлі мемлекеттерде болып, қасиетті өнерімізді паш етіп жүр. Мәселен, жақында «Томирис» би ансамблі Әбу-Даби қаласында өтіп жатқан Зайд атындағы мәдени фестивальде өз өнерлерін көрсетті. Фестиваль Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Халифа бен Зайд әл-Нахаян атындағы гуманитарлық ұйымының ұйымдастыруымен өтіп жатыр. Халықаралық фестиваль биылғы жылдың 1 желтоқсаны мен келер жылдың 27 қаңтарына дейін жалғасады. Жыл сайын өткізілетін шараның мақсаты – 2 желтоқсан Біріккен Араб Әмірліктері Ұлттық күніне

орай жергілікті халықты әлем елдерінің ұлттық мәдениеттерімен таныстыру болып табылады. Еліміз биыл аталған шараға төртінші рет қатысып отыр. Шараға көптеген мемлекеттердің өнерпаздары, суретшілер мен кол-өнер шеберлері қатысуда.

Би ұжымы 2001 жылы филармонияның сол кездегі директоры Сәрсенкүл Ибрашеваның бастамасымен құрылған болатын. Бүгінде ансамбльдің құрамында 30-ға жуық хореограф-биші бар. Ұжым репертуары түрлі ұлт өкілдерінің, қазақ халқының ұлттық билерімен толығып отыр. Ансамбльдің жетекшісі, әрі бас балетмейстері Гүлбану Мырзабаева. Ол «Томирис» би тобының ансамбль болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. Облыстағы бірден-бір кәсіби өнер ұжымы саналатын «Томирис» бүгінде талай облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі додаларға қатысып, биіктен көрініп келеді.

Фестивальде Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі елшілігі «Томирис» би ансамблінің жетекшісі Гүлбану Мырзабаеваны шейх Зайд бен Сұлтан әл-Нахаян атындағы Әбу-Даби халықаралық мәдени мұра фестиваліне белсене қатысқаны үшін марапаттады.



ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНУЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

Жаңа жыл мерекесі пиротехникалық өнімдерді қолдану арқылы өткізілетін белгілі. Бірақ, өкінішке орай, пиротехникалық өнімдерді дұрыс пайдаланбау және сапасыз өнімдерді қолдану жаңа жыл мерекесін шыраққа айналдырады. Осындай жағдайларды болдырмау мақсатында Төтенше жағдайлар департаменті келесі қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауға келесі береді:

- от шашуды қатты жерге орналастыру керек;
- пиротехникалық өнімдерді (от шашулар, салюттер және басқа да пиротехникалық өнімдер) арнайы мамандандырылған дүкендерден сатып алынады;
- от шашулар мен салюттерді тұрғын үйлердің немесе тез жанғыш заттардың қасында 20 метрден жақын жерлерде, аласа бастырмалар

мен өсіп тұрған ағаштардың астында қолдануға болмайды;- жарамсыз болған жағдайда пиротехникалық өнімді қайта іске қосуға тырыспаңыз;
- от шашуларды мас күйде қолдануға тыйым салынады;
- әрбір пиротехникалық бұйымда оның қолдану әдісі туралы нұсқаулық жазылса, қайғылы жағдайлардан сақ болу үшін сол нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыздар.
- Еске сала кетейік, өрт немесе басқа да төтенше жағдай орын алған жағдайда «101» немесе «112» телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыз.
- Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Орт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызмет басқармасы.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізу және жөндеуге
- бекітілгенді ішкіретін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- істеп тұрған пешті бақылаусыз жағуға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

ТЕК ҚАНА қауіпсіздік автоматикасы бар газ қымылту қондырғыларын пайдаланыңыздар! Жылты пештерін табиғи және тұнықтырғыш газдың таралғанын білдіретін СИГНАЛИЗАТОРЛАР орнатыңыздар! Пеш тартпаған жағдайда және тұнықтырғыш газ таралған кезде олар пешті автоматты түрде өшіріп, қасіреттің алдын алады.

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылын немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ МІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жөніл	0,32% дейін Орташа	1,2% жоғары Ауыр
Бас ауру, тұнығыу, шеке зыркылы, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жотел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі	Қозғалудың қиындауы, естен тану	2-3 рет ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей қоз жұмады)
Айғаққа көмек	ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ 104	ҚазТрансГаз

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №5001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Электр энергиясының сатылу тарифінің төмендеуі жөніндегі хабарлама Шиегі, Жаңақорған, Сырдария, Қармақы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын тұтынушылары назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 01.02.2017 жылғы №36 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына сәйкес «Шиегі Жарығы» ЖШС өз тұтынушыларына 01.01.2019 жылдан бастап электр энергиясының тарифінің төмендеуі туралы хабарлайды:

1. Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша құн салығынсыз - 16,01 теңге, қосымша құн
- 2.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ. дейін)	16,9456 теңге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (71 -170 кВт*сағ. аралығы)	20,6304 теңге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ. жоғары)	25,7936 теңге

- 2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ. дейін)	16,9456 теңге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы)	20,6304 теңге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ. жоғары)	25,7936 теңге

- 2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ. дейін)	16,9456 теңге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (101 -170 кВт*сағ. аралығы)	20,6304 теңге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (171 кВт*сағ. жоғары)	25,7936 теңге

3. Заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай):

№	Тұтынушы санаты	қосымша құн салығынсыз	қосымша құн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	19,73 теңге	22,0976 теңге
2.	Басқа да заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен шаруашылық нысандары	15,22 теңге	17,0464 теңге

«Шиегі Жарығы» ЖШС әкімшілігі.
(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 16.07.2009 жылғы №600507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы Қазалы ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаева ағасы **Ерғешбаев Жомарт Нәлхожаұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті газды пайдаға жарату цехының газ-турбиналы қондырғылардың машинисі Бакытбек Жаппаровқа **қарындасының** дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті күрделі құрылыс бөлімінің Құмкөл кенішіндегі құрылысқа қадағалау жөніндегі жетекші инженері Кеңес Әбдіқалықовқа анасы **Ағайына Әбдірасілованың** дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті Құмкөл кенішіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тобының 1 санатты инженері Алмас Ахметқалиевке інісі **Бауыржанның** дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.



«QYZYLORDA» – КӨШ БАСЫНДА

Облыс халқының 98 пайызы кедергісіз тамашалай алатын «Qyzylorda» телеарнасы телевизияның соңғы озық техникаларымен жабдықталған, жылдам әрі сапалы хабар жасау ұстанымымен көрермен көзайымына айналған. Дегенмен, сәт сайын өзгеріске толы әлемде жаңа технологияны жұмыс барысына енгізе білу де үлкен шеберлік. Бұл тұрғыдан алғанда шығармашыл ұжым әрдайым сергек. Күніне екі тілде үш-үштен алты рет ақпарат таратып, ертересіне бір мәрте қайталайтын телеарна апта соңында «Үштаған» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасында басты оқиғаларды кеңінен сараптап көрсетеді. Сұранысқа сай қазір телеарна хабарларының басым бөлігі тікелей эфир арқылы көрсетіледі. Солардың ішінде рейтингісі жоғары «Жаңа күн» ақпараттық-танымдық бағдарламасы және «Өмірдің өзі» қоғамдық-әлеуметтік ток-шоуы.

– Тікелей эфир хабарына келген қонақтың пікірін білу үшін республиканың түкпір-түкпірінен қонырау шалып жатады. Бұл эфир ауқымын байқатады. «Отан ТВ» арқылы бізді барша қазақ елі түгел тамашалайды. Бұл – үлкен жауапкершілік. Бір қуанағынымыз, тікелей эфирде жұмыс істеуге шығармашылық топ әбден машықтанды, – дейді «Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыпар Қарабала.

Бүгінде телеарна тілшілері аймағымыздың қай түкпірінен болмасын, тікелей эфирде сұхбат алып жатады. Бұл үлкен жетістік екені даусыз. Мұның сырын телеарна басшылығынан сұрағанымызда ол қарапайым тілмен «рюкзак» деп аталатын интернет арқылы қосылып, өзі микрофон, өзі камера қызметін атқара алатын сиқырлы техниканың уақыт сұранысына ие екенін алдын ала біліп, өзгелерден бұрын қолданысқа енгізгендігін айтты. Жаңа техниканы инженер-техниктер, операторлар арнайы оқып, жылдам игеріп алған. Бұл «Жаңалықтар қызметін» жеделдетуге, қоғамдағы маңызды оқиғаларды дер кезінде, сенімді түрде беруге үлкен мүмкіндік туғызып отыр.

Биылғы жылдың тағы бір жаңалығы – «Жаңалықтар қызметі» мен ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар үшін жаңа студияның жабдықталғаны. Мұнда аз құраммен ауқымды жұмыс атқарылады. Атап

айтқанда, төрт бірдей камераны бір оператор пульт арқылы басқарады. Бұл техниканың дамуы телевизия жұмысына үлкен жеңілдік туғызғанын көрсетеді. Ең бастысы, жаңалықты шығармашылық топтың дер кезінде меңгеріп, пай-

тықтың өзі әдемі» дейтін. Шынында да жастықтың өзі тұнып тұрған ой, алға ұмтылу емес пе?! Біз қалрды конкурстық негізде қабылдаймыз. Осыдан да бізде білімді, интеллектуалы жоғары, мамандығын жақсы меңгерген, телевизияға құштар

жастардан үлкен үміт күтеміз, – дейді телеарна директоры.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жыл қорытындысымен телеарна 14 филиал ішінен екінші орынды иеленіпті. Бұл бағалау жыл ішінде мемлекеттік тапсырысты орын-

арнасы көш басында.

– Бұл біздің ұжым жұмысының нәтижесі ғана емес, біздің серік-тестеріміз – облыстық Н.Бекежанов атындағы драма театр, А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі, Қорқыт ата атындағы


налған хабар тікелей эфирде екі тілде көрерменге жол тартпақ. Мұнан бөлек, облыстық мәдениет және құжаттама басқармасымен бірігіп, кешегі Сыр сүйелілерінің ізін жалғастырған жас жырау-термешілердің өнерін насихаттап, елге танытатын «Жыр мұра» атты жоба жүзеге аспақ.

– Осы жоба арқылы облыстың шалғай ауылдарын аралап, таланттарды іздейміз. Ықылым заманнан келе жатқан жыраулық өнерді жоғалтып алмауға тиіспіз. Ұлттық өнерді дамыту, насихаттау және алтын қорға жазып алып қалу біздің бір мақсатымыз, – деді телеарна басшысы.

Айта кетелік, телеарна Сыр өнерін насихаттауға, таланттардың танылуына үлес қосып келеді. Мәселен, «Ботакан» балалар шығармашылығын дамытуға арналған облыстық телебайқау биыл он бірінші рет ұйымдастырылыпты. Осы уақыт ішінде 2500 бұлдіршін байқауда жеңімпаз атанған. Олардың ішінде республикалық, халықаралық деңгейде есімі танылып жүргендер де бар. Ал, 2005 жылдан бастап ұйымдастырылып келе жатқан «Сыр жұлдыздары» жас орындаушылардың эстрадалық байқауы талай таланттың жолын ашты. Телеарнаның «Жыр керуен» жобасы арқылы айына үш жырау-жыршыны жырлатып, елге насихаттап, алтын қорға жазып алуының өзі ұлт мұрасын ұлықтауда үлкен игі іс.

Шығармашылық ұжым цифрландыру талабынан қалып қалып жатқан жоқ. Бүгінде телеарнаны қолында гаджеті бар кез келген адам арнайы бағдарлама арқылы жүктеп алып, тамашалай алады. Мұнан бөлек телеарна сайты көрерменмен тығыз байланыс орнату мақсатында нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл орайда сайт арқылы түрлі конкурстар ұйымдастыру, жеңімпаздар мен үздіктер есімін халық даусы арқылы анықтау көп көңілінен шыққанын атап айтуға болады. Сонымен қатар осы уақытқа дейін жасалған бейнекорларды цифрландыру жұмысы жүйелі жүргізілуде.

Бүгінде арнайы ақпараттық хабар таратумен шектеліп қалмай, «Сыр елі – жыр елі» деп аталатын аймағымыздың шежіресін сақтауға, ұлттық өнерді насихаттау мен сақтауды ұстаным еткен шығармашылық ұжым еңбегі өлшеусіз.



QYZYLORDA

далана білгені. Бұл орайда телеарна ұжымы тек бүгінгі ғана емес, ертеңгі күннің сұранысын алдын ала сезіп, соған дайын білікті кадрлармен қамтылғанымен ерекшеленіп тұр.

Бүгінде телевизия саласына жас толқын келе бастады. Олардың ішінде өздерімен бірге жаңа леп ала келген талантты жастар аз емес.

– Белгілі журналист-жазушы, телеарна ардагері Н.Рахмет «Жас-

жандар жұмыс істейді. Кейінгі жас толқынның ішінен «Туған өлке» дайындайтын, «Алқа» хабарын жүргізетін редактор Бекзат Ескалиев, «Жаңа күннің» «Ұлт саулығы» хабарының авторы, жүргізушісі Әсия Нұрлыбаева, «Жаңалықтар қызметінде» сүбелі материалдар дайындап жүрген Елжас Әбілда, режиссер, дизайнерлер Токтар Бұқарбайұлы, Дәуір Берікбол секілді

дау, сайт жұмысын жетілдіру, коммерциялық табыс, кадр тәрбиелеу мен тұрақтылық, уақыт талабына бейімделу секілді жоғары талап деңгейімен өлшенеді екен. Мұнан бөлек эфирдің контенті, мазмұны, шығармашылық деңгейі бойынша корпорация қызметкерлері арнайы мониторинг жасап отырады. Бұл мониторинг бойынша «Qyzylorda» теле-

арнасы, «Рухани жаңғыру» орталығы және өзге де серіктестермен бірігіп үлкен жобалар жасадық. Олардың шығармашылық әлеуеті рейтингтің көтерілуіне ықпал етті, – дейді Ж.Қарабала.

Телеарнаның келер жыл еншісінде жүзеге асар жобалары да ауқымды. Мәселен, «Жастар жылы» деп белгіленген жылда жастарға ар-



Жаңа дербес қызмет көрсету орталығы ашылды

Қызылордада «Arag City MALL» сауда орталығында «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-ның дербес қызмет көрсету орталығы ашылды. Қалада екінші деңгейлі банктер арасында демалыссыз және таңғы сағат 10-нан кешкі сағат 22-ге дейін қызмет көрсететін мұндай бөлім жоқ.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА

Жаңа орталықтың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Қ.Ысқаков, Ұлттық банк Қызылорда филиалының директоры А.Мұстафин қатысты. Облыс әкімінің орынбасары салтанатқа қатысушылар мен банк қызметкерлерін жаңа орталықтың ашылуымен, алдағы Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

Сауда орталығына келушілер банк өнімдерін, сервис мен қызметін кең көлемде пайдалана алады. Өйткені, мұнда өзіне-өзі қызмет көрсету бөлімі арқылы көптеген қызмет қолжетімді. Мәселен, автокасса арнаулы құрылғысы арқылы банк клиенті қасиетті көмегісіз жарна төлеп депозиттің бір бөлігін шеше алады. Ағымдағы есепшотқа ақша салып, карта ашқаны үшін комиссия төлейді. Сонымен бірге басқа да қызмет түрлерін пайдалануға мүмкіндік бар. Бөлімшеде Homebank – өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы қарастырылған. Ол арқылы өз бетінше коммуналдық төлемдерді, ұялы байланысты, оқу ақысын, балабақша төлемін, салықтарды, жол ережелерін бұзғаны үшін төлейтін айыппұлдарды төлейді. Оған қоса карталар мен есепшоттар арасындағы төлемдерді жүзеге асырып, басқа қызметтерге тапсырыс береді.

Банк клиенттері үшін басқа да танымал қызметтерді пайдалануға – дебет және кредит карталарын шығаруға, банк есепшоттарын және депозиттер ашуға карталар мен есепшоттар арасында ақша аударуға, Western Union ақша аударымдарын алуға



және жіберуге, кепілсіз несиелер, автокөлік несиесін, ипотека рәсімдеуге, тағы басқа қызметтер алуға мүмкіндік жасалған.

Банктің жаңа дербес қызмет көрсету орталығы заманауи стандарттарға сай. Мұнда халыққа сапалы қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалған және VIP клиенттерге арналған аймақ бар. Банк осы жерден қызмет алушының барлығына ыңғайлы, тиімді әрі жағымды болғанын қалайды.

«Қазақстанның Халық банкі» АҚ 95 жылдан бері еліміздің өсіп-өркендеуіне қызмет жасап келеді. Осы жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысымен Қазақстандағы табысты банктің үштігін бастады. Филиалдық желісінің саны бойынша еліміздегі ең тармақталған қаржылық құрылымға жатады. Қазақстан бойынша қалалар мен ірі елді мекендерде 23 филиал, 634 бөлімше орналасқан.

Халық Банк инфрақұрылымы жағынан да ең ірі банк болып есептеледі. Онда 4560 банкомат (Қазақстандағы банкоматтар паркін 50 пайызы), мыңнан артық төлем терминалы бар. Құрылғылар арқылы еуролы валютада қолма-қол ақша шешіп алуға ғана пайдаланумен шектелмей, есеппен

шоттар мен карталарды толықтыруға, аударымдар жасауға, төлемдер төлеуге және банк өнімдеріне тапсырыс беруге болады.

«Қазақстанның Халық банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры А.Данкеновтың айтуынша, бұл дербес қызмет көрсету орталығының ерекшелігі – күнделікті және келушілерге ыңғайлы уақытта жұмыс істеуі. Оған қоса, клиенттер менеджерлерді күтпей-ақ дербес қызмет ала алады. Бейнебанкінг, Homebank, автокасса қызметтері келушілердің көңілінен шығады деген сенім бар. Бұл орталықта ірі қаржылық операцияларды жүргізушілерге, уақытын үнемдейтін тұтынушыларға кезек күтпестен премиум аймақтан қызмет көрсетіледі.

Қызылорда қаласының тұрғыны, зейнеткер, «Қазақстанның Халық банкінің» 30 жылдан астам уақыттан бергі тұрақты клиенті А.Абдуллаева жаңадан ашылған орталықтың, әсіресе, карт аламынға ыңғайлы орналасқанын айтып ризашылығын білдірді.

Жаңа орталықта 10 қызметкер еңбек етеді. Әрбір клиенттің тез әрі сапалы қызмет алуына мұндағы әрбір менеджер мүдделі.

Қадірменді Сыр жұртшылығы!

Жаңа жылдың келуімен баршамыз осы бір тамаша мейрам қарсаңында өзгеше тыныстаймыз, күнделікті тыныс-тіршілігіміз де уақыт ағысымен түрленіп сала береді. Әрбір жолы жаңаша өмір кезеңіне дайындық жасау арқылы ойға алған мақсаттарымызды жүзеге асыру жолында жаңадан қадам басып, алға ілгерілей береміз. Өтіп бара жатқан 2018 жыл «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсіз» компаниясы үшін маңызды оқиғаларға толы жемісті жыл болды. Компания мұнай өндіру жөнінде өзіне қабылдаған міндеттемелерін ойдағыдай орындап, өңір мен республиканың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосты. Төрімізге төрттектік отырған 2019 жыл да жаңада табысты жетістіктермен ерекшеленер деп үміт артпақпыз.

Қымбатты қызылордалықтар! Сіздерді «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсіз» компаниясы басшылығының атынан алда келе жатқан Жаңа 2019 жылмен құттықтаймыз. Сіздерге мықты денсаулық, молшылық және отбастарыңызға бақ-береке тілейміз. Жаңа жыл сіздерге толайым амандық-саулық, мызғымас ырыс-ынтымақ әкелсін, ертеңгі күнге деген үкілі үміттеріңіз бен нық сенімдеріңізді одан әрі нығая түсіп, табыс пен жетістік арқашан бастамаларыңыздың берекелі бастауы болсын!

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсіз» АҚ Басқарма төрағасы

У Линьган

Құрметті Сыр елі тұрғындары және қала қонақтары!

Сіздерді «Қазгермұнай» БК» ЖШС атынан келе жатқан Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Баршамыз жаңа жылмен бірге ізгі жаңалықтардың келуін күтеміз.

Келер жаңа жыл Сіздердің барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін, жетістіктерге толы болсын.

Жаңа жыл берекемен, жасқылымен, баяндылығымен келсін, елдің абырой-беделін арттыру, халықтың ырзық-несібесін молайту бағытындағы қол жеткен оңды нәтижелеріңіз жалғасын таба берсін, мерейлеріңіз үстем, алар асыларымыз көп болсын!

Құрметпен, «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің бас директоры

Мұстафаев М.К

«Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің бас директорының бірінші орынбасары

Тянь Кэцзянь

Газетіміздің келесі нөмірі 2019 жыл 4 қаңтар, жұма күні шығады.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
телефакс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты қатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарыпмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Таралымы 28687
Тапсырыс №1962**

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.